**Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 қазандағы N 01-02/28-9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қарашада N 5-6-123 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 шілдедегі N 5/37-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2012.07.13 N 5/37-V шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексін (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына және 7 бабының 5 тармағына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аягөз ауданындағы базарларда сауда жасайтын және ара-тұра сипаттағы қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аягөз аудандық мәслихатының 2010 жылдың 28 шілдедегі № 01-02/27-16 Аудандағы базарларда сауда жасайтын жеке және заңды тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы Н. Дүйсенбаев*

*Мәслихат хатшысы М. Темеков*

Қосымша
Аягөз аудандық мәслихатының
2010 жылғы 26 қазандағы

№ 01-02/28-9 шешімімен бекітілген

# Аягөз ауданындағы базарларда сауда жасайтын және ара-тұра сипаттағы қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны

| Рет саны | Қызмет түрлері | Бір жол талон құ (теңге) |
|---|---|---|
| 1 | Тамақ өнімдерін сату үшін | 240 |
| 2 | Өндірістік тауарлар сату үшін | 220 |
| 3 | Ет, құс, балық өнімдерін сату үшін (арнаулы ет павильоны ішінде) | 480 |
| 4 | Ұсақ-түйек сату үшін үшін (бұның ішінде әк сату, мал жемі, ескі құрал-жабдықтар) | 110 |
| 5 | Жеміс-жидек, көкөніс-бақша өнімдері | 180 |
| 6 | Нан, сүт өнімдерін сату | 60 |
| 7 | Ат арбамен жүк тасу | 120 |
| 8 | Қол арбамен жүк тасу | 40 |
| 9 | Газет, журнал сату үшін (тұрақты стационарлы орын болмаған жағдайда) | 50 |
| 10 | Жалға берілген контейнер үшін | 60 |
| 11 | Бақылау өлшегіш қызметі үшін | 125 |
| 12 | Шемішке сататындардан | 85 |
| 13 | Базарларда тірідей мал сату, оның ішінде:<br>Ірі малдар<br>Ұсақ малдар | <br>480<br>120 |
| 14 | Табын бақташылары үшін:<br>100 бас ірі малға<br>100 бас ұсақ малға | <br>180<br>90 |
| 15 | Сыпыртқы сатуға | 100 |
| 16 | Бал сатуға | 200 |
| 17 | Жеке тракторлармен жалға жер өңдеуге (6 жүздікке) | 125 |
| 18 | Механикалық көлік алып келіп сатушыларға (бір көлікке):<br>Жақын шет елдерден<br>Алыс шет елдерден | <br>3600<br>6000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК